

Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
докторантты
Дүйсенбек Аяулы Агабекқызының
«8D05102-Биомедицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған **«2 типті қант диабетіндегі қабыну және тамыр**
жүйесінің күйімен байланысты плазмалық микроРНҚ рөлін зерттеу» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Дүйсенбек Аяулы Агабекқызының философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алу үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология және биотехнология факультетінің «8D05102-Биомедицина» білім беру бағдарламасында және қос дипломдық бағдарлама аясында Гранада университетінің Гранада к., (Испания) биомедицина бағдарламасы бойынша PhD докторларды ҚазҰУ-мен бірлесе дайындағы аясындағы келісім - шарт негізінде халықаралық жоба бойынша (ғылыми жобаның жетекшісі Гранада университетінің профессоры, PhD И. Рusanova) зерттеу жұмыстарын жүзеге асырды. Зерттеу жұмыстары Гранада университеті, Биомедицина зерттеу орталығының молекулалық биология зертханасының және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология және биотехнология факультеті, биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының «Биофизика, биомедицина және хронобиология» зертханасында орындалды. Диссертациялық жұмыстың зерттеу-тәжірибелері Гранада университетінің, молекулалық биология ғылыми зертханасында алты ай ғылыми тағылымдамадан өтіп, орындағаны да ізденушінің үлкен ғылыми мектебінен өткен тәжірибелігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысы «2-типті қант диабеті кезіндегі қабыну мен қан тамырларының дисфункциясымен байланысты плазмалық микроРНҚ экспрессиясын зерттеу» тақырыбына арналған. Бұл тақырып қазіргі таңда ғылыми және клиникалық медицинада өзекті болып табылады, себебі 2-типті қант диабетімен ауыратын науқастар арасында жүрек-қантамырлық асқынудар негізгі өлім-жітім себептерінің бірі болып отыр.

Докторанттың жұмысы микроРНҚ молекулаларының қабыну процестерімен, эндотелий дисфункциясымен және тотығу стрессімен байланысын зерттеуге бағытталған. Зерттеу барысында hsa-miR-21-5p, hsa-miR-126-3p, hsa-miR-146a-3p, hsa-miR-155-5p, hsa-miR-210-3p және hsa-miR-484-5p секілді негізгі микроРНҚ-лардың экспрессиясы анықталды. Сонымен қатар, антиоксиданттық ферменттер белсенділігі, тотығу стресі көрсеткіштері және қабыну цитокиндері зерттеліп, олардың өзара байланыстары мен болжамдық маңыздылығы бағаланды.

Зерттеу жоғары деңгейде орындалған және заманауи әдістер кешенін (сандық ПТР, мультиплексті талдау, биохимиялық және статистикалық әдістер) колдана отырып жүргізілді. Жұмыс нәтижесінде микроРНҚ-лардың макротамырлық асқынудардың патогенезіндегі рөлі нақты көрсетіліп, биомаркер ретінде қолдану мүмкіндігі дәлелденді. Жаңа болжамдық модель ұсынылып, ол клиникалық тәжірибеде асқынударды ерте диагностикалауга мүмкіндік береді.

Докторант ғылыми ізденісте жоғары жауапкершілік пен дербестік көрсетті, зерттеу материалдарын терең талдап, оларды теориялық негіздеумен қатар практикалық маңыздылығы түрғысынан ұсынды. Жұмыстың ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары деңгейде.

Сонымен қатар, Дүйсенбек Аяулы Агабекқызының «2 типті қант диабетіндегі қабыну және тамыр жүйесінің күйімен байланысты плазмалық микроРНҚ рөлін зерттеу»

такырыбындағы жұмысы байланысты 14 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде Scopus және Web of science деректер базасына кіретін шетелдік Antioxidants IF-7.675, Q1., International Journal of Molecular Sciences Q1, IF-6.2 журналдарда 2 макала; ҚР ФЖБМ ҒЖБСҚҚ ұсынған басылымдарда 4 макала; шет ел және халықаралық-республикалық конференция материалдары жинақтарында 8 тезис жарық көрді.

Ғылыми жетекші ретінде, А.А. Дүйсенбектің үш жылдық зерттеу барысында орынданған диссертациялық жұмысын қазіргі биомедициналық ғылымның өзекті бағыттарына сай, ғылыми тереңдігімен және әдістемелік сауаттылығымен ерекшеленетін жоғары деңгейдегі зерттеу ретінде бағалаймын. Жұмыста заманауи молекулалық-биологиялық әдістер тиімді қолданылып, алынған нәтижелер клиникалық практикада қолдануға бағытталған маңызды ғылыми тұжырымдармен толықты.

Дүйсенбек Аяулы Ағабекқызына «8D05102-Биомедицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми жетекші әл-Фараби
атындағы Қазақ ұлттық университеті,
биология және биотехнология факультеті,
биофизика, биомедицина және
нейроғылым кафедрасының ғылымдарының
кандидаты, профессор
м.а.

Н.Т. Аблайханова
Аблайханова Н.Т.

-СТАМЫН
әл-Фәраби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадров қарточкасы
даярлау және аттесттатту басқармасының
ЗАВЕРЯЮ
Начальники управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Дарын Кудашев
«04» 08 2020 ж.т.

